

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 888 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 сәуірдегі N 394 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 591 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 888 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 29, 286-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы ережені бекіту туралы";

1 - т а р м а қ т а :

"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қоса беріліп отырған" деген сөздерден кейін "Жылжымалы мүлік кепілі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы е р е ж е д е :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы ереже";

1 - т а р м а қ т а :

"жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және" деген сөздер алынып тасталсын;

"(бұдан әрі - тіркеуші орган)" деген сөздерден кейін "жылжымалы мүлік кепілі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпараттық қызметтер көрсеткені, соның ішінде жылжымалы мүлік

кепілін тіркеу туралы куәлікті бергені, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді көшірме бергені, сондай-ақ өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзеткені үшін ақыны көрсетілген іс-әрекет мүддесі үшін жасалатын заңды және жеке тұлғалар енгізеді.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету үшін а қ ы н ы ң м ө л ш е р і " ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жеке және заңды тұлғалардан ақпараттық қызметтер ұсыну үшін, сондай-ақ өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзеткені үшін алынатын ақы Қазақстан Республикасында ақы төлеу күні қолданылған айлық есептік көрсеткішті ескере отырып жарты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде есептеледі.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Осы Ереженің 3-тармағында айқындалған жағдайларды қоспағанда, ақы алмастан ақпараттық қызметтер көрсетуге тыйым салынады.";

5-тараудың атауында "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін" деген сөздер " Жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету үшін" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5-тармақта "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін ақы 50 проценті мөлшерінде жергілікті бюджеттің кірісіне, 50 проценті тіркеуші органның есеп шотына аударылады;" деген сөздер алынып тасталсын;

5 - 1 - тармақ алынып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тіркеуші органға түбіртек немесе ақпараттық қызмет көрсету үшін, сондай-ақ өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзеткені үшін ақы енгізілгені туралы төлем құжатының көшірмесі ұ с ы н ы л а д ы . " ;

7-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі